

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

7M03204-Журналистика

(білім беру бағдарламасының атауы және коды)

**білім беру бағдарламасына
сараптамалық қорытынды**

(сыртқы сараптама)

1. Білім беру бағдарламасын бағалау (бұдан әрі - БББ)

А) Бағдарламаның еңбек нарығындағы қажеттілігі Медиакеңістіктегі ақпараттық саясат, жобаларды басқару, контент мазмұнын дамытуда журналистика магистрлері аса қажет. Сондықтан білім беру бағдарламасы медианарықта сұранысқа ие. Қазіргі таңда қандай бір жобаны іске асыруда оның дайын өнім күйінде аудиторияға жетуінен кейінгі процес те маңызды. Бұл орайда талдау жасай алатын, нақты болжай білетін мамандар таптырмайды.

Б) БББ-ның кәсіби қызметті реттейтін нормативтік құжаттарға сәйкес келуі: Ұлттық біліктілік шеңбері (ҰБШ), Салалық біліктілік шеңбері (СБШ), Кәсіби стандарт (КС), оқыту нәтижелерінің еңбек функцияларына сәйкестігі (КС болмаған жағдайда)

Білім беру бағдарламасы кәсіби қызметті реттейтін мынадай нормативтік құжаттарға: ұлттық біліктілік, салалық біліктілік, кәсіби стандарттарға сәйкес келеді. Әр пәннің оқыту нәтижесі нақты көрсетілген. Ғылыми-педагогикалық бағытта дайындалатын магистрлердің зерттеу, гипотеза жасау секілді кәсіби құзыреттіліктері айқын көрсетілген.

В) БББ мазмұнының экономиканың, қоғамның салаларын дамытудың қазіргі заманғы деңгейіне, ғылымның жетістіктеріне және жұмыс берушілердің сұраныстары мен қажеттіліктеріне сәйкестігі Бұқаралық коммуникация құралдарын, медианың даму және қызмет ету заңдылықтарын зерттеу әдістерін меңгеру магистранттар үшін маңызды. Өйткені медианарықта сұраныс пен қызығушылықты анықтаудан бөлек, ақпараттық саясат бағдарын айқындап, сапалы контентке жұмыс істеу, креативті идеяларды жүзеге асыруда барынша талдау мен зерттеудің маңызы зор. Осы орайда журналистика магистрлерінің зерттеу әдістері жұмыс берушілерге көмектеседі деген үміттемін.

2. Білім беру бағдарламасын жетілдіру бойынша ұсыныстар

Білім беру бағдарламасында зерттеу практикасына 12 кредит бөлінген. Зерттеу практикасын магистранттар өндірісте өткізгені дұрыс. Өйткені диссертациялық жұмысының тақырыбына сай зерттеумен айналысып, оны редакцияда жүргізсе, екі жаққа тиімді болар еді.

3. Қорытынды:

Білім беру бағдарламасы оқу процесінде пайдалануға ұсынылады / ұсынылмайды

4. Сараптама жүргізген: ЖҰМЫС БЕРУШІ

1) Берік Уәли,

«Хабар Агенттігі» АҚ Басқарма төрағасы

(Аты-жөні, лауазымы)

(колы)

(күні)

